



**“Елім деп жырлаған  
“ҮШ БӘЙТЕРЕК”**

## Сабақтың мақсаты:

- **Білімділігі:** Бейімбет, Ілияс, Сәкен жайлы тың деректермен таныстыру, талдау, қолдану, жүйелеу, салыстыру.
- **Дамытушылығы:** өз ойын еркін жеткізе білуге баулу, сөздік қорын молайту. Сыры ашылмаған дәйектемелер арқылы дүниетанымын кеңейту.
- **Тәрбиелілігі:** сұлулыққа сүйсінуге, отансүйгіштікке, елін, жерін, тілін құрметтей білуге, патриоттық сезімді бойларына сіңіру

# Эпиграф

*Үңілдірсе тарихқа ой тереңі,  
Есте сақтар қазақтың байтақ елі.  
Ілияс, Сәкен және Бейімбет қой,  
Қазағымның алып үш бәйтерегі.*

## **Сәкен! Бейімбет! Ілияс!**

*Үшеуінің де жөргегі – ұланғайыр бір даланың топырағы. Біреуі – соның кіндік ортасында, біреуі теріскей, біреуі – күнгей шалғайында бір жыл туыпты. Үшеуі де бір жаздың майсасынан алғаш нәр татып, бір қыстың ызғарынан алғаш қар басыпты.*

*Үш бәйтерек.... Үшеуінің туысы қандай бірдей болса, тұрысы әр бөлек. Біреуі – биікке ұмтылған өр халықтың асыл арманындай асқақ, біреуі – талайды бастан кешіп, тауқыметке төзіп өскен қауымның сабырынан жаратылғандай сом, мығым. Біреуі – көпті көріп, көпті сүйген халықтың арман-аңсарын, жігерін кең қамтып, кемел сіңіргендей қуатты да нәрлі.*

*Үшеуі де – халқы мен заманның адал ұлдары.*



*С.Сейфуллин атамекен  
болашағының нұрлы,  
жарқын болуын тіледі,  
барлық саналы  
ағұмырын, күш-жігерін  
осы ізгілікті іске  
арнады.*

*Сәкен қазақты дәулеті  
шалқыған, өнер-білімі  
гүлденген халықтардың  
қатарына қосуды  
армандады.*

**Ақын лирикасында махаббат тақырыбы кең орын алады. “Жазғы түнде”, “Тау ішінде” өлеңдері ақын сұлу табиғатты қазақ ауылының тыныс-тіршілігіне байланысты жырлайды.**

### *Өлеңдері*

*“Асау тұлпар”,  
“Домбыра”,  
“Экспресс”, ...*

### *Романы*

*“Тар жол,  
тайзақ кешу”*

*Повестері:  
“Айша”,  
“Жемістер”,....*

### *Поэмалары*

*“Көкшетау”,  
“Аққудың  
айырылуы”,  
“Ақсақ киік”,  
“Альбатрос”,  
“Қызыл ат”...*

## *“ТЕНДІК ЖЫРШЫСЫ”*

*Қараңғылық құрсауында  
талмаусыраған қалың  
бұқараны азаттандыру,  
еркін де жарық әлемге  
шығару, озық жұрттар  
санатына қосу, өнер-  
біліммен қаруланған  
дәрежеге жеткеру  
Бейімбеттің аңсаулы  
арманы, ынтыға іздеген  
нысанасы еді*



*Б.Майлин – поэзия, проза, драматургия саласында бірдей жемісті еңбек етті. Бейімбет поэзиясының ең басты тақырыбы – ауыл өмірінің шындығы, әйел теңсіздігі.*

*“Шұғаның белгісі”,  
“Раушан – коммунист”, “Он бес үй”, “Берен” повесі*

*“Күлпаиш”, “Сексен сом”,.....*



## **“Поэзия Құлагері”**



***Илияс Жансүгіров  
поэзияның терең сырлы  
лирикалық салаларында  
жарқырап көзге түсті  
де, шын халықтық,  
нағыз ұлттық  
поэзияның өрнекті  
үлгілерін салды.***

***Сөйтіп оның есімі қазақ  
әдебиетінің тарихында  
«аспанның төсін арда  
емген» Алатаудай зәулім  
шоқының бірі болып  
қалды.***

# *Хронологиялық кесте*

- ❖ *Алматы облысы, Ақсу ауданында туған*
- ❖ *1920 ж. Алматы, Ташкент мұғалімдер курсы*
- ❖ *1928 ж. Мәскеудегі журналистика институты*
- ❖ *1934 ж. Жазушылар ұйымының төрағасы*
- ❖ *Ілияс поэзиясының ірі арналарының бірі – табиғат лирикасы - “Жетісу суреттері”, “Ағынды менің, Ақсуым”, “Жаз”, “Күзде” өлеңдері;*
- ❖ *“Құлагер”, “Күйші”, “Дала” поэмалары – ақын поэма жанрыныда жемісті еңбек етіп, он беске жуық поэма жазған;*

# “Венн” диаграммасы

*СӘКЕН*

*БЕЙІМБЕТ*

*ІЛИЯС*

# Викториналық сұрақтар

- Сәкен Сейфуллиннің шын аты? (Садуақас)
- 2. Сәкеннің өмір сүрген жылдары (1894-1938)
- 3. Бейімбет Майлиннің шын аты (Бимағамбет)
- 4. Бейімбетті кім тәрбиеледі ?( шешесі)
- 5. Ілияс Жансүгіровтың туған жері (Алматы облысы, Ақсу ауданы)
- 6. Ілияс Жансүгіров кімнің тәрбиесінде болды? (әкесінің)
- 7. Ілияс Жансүгіровтың қай поэмасында Ақан сері өмірі бейнеленген? (Құлагер)
- 8. Сәкеннің туған жері (Ақмола облысы)
- 9. Бейімбет Майлиннің туған жері. (Қостанай уезі)
- 10. Сәкеннің әдеби қызметінің жиырма жылдығы қай жылы тойланды? (1936)
- 11. Қазақтың үш бәйтерегін ата (Сәкен, Ілияс, Бейімбет)